

1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысын іске асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 155 өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"Жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысын атқару мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсенов: Қазақстан Республикасы Премьер-Министріне "Жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 қаулысының орындалу барысы туралы, оның ішінде коммуналдық қызметті тұтынуды есептеу құралдарын орнату жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы апта сайын дүйсенбі күндері жазбаша түрде баяндап тұрсын; тиісті есеп берудің нысанын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен келіскен соң оны бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрі В.В.Храпунов, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеев, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке тиісінше республика және Алматы қаласы бойынша коммуналдық қызметті тұтынуды есептеу құралдарын орнату барысы туралы олардың бекітілген нысаны бойынша күн сайын жазбаша хабарлап отырсын.

3. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктеймін.

Премьер-Министр